



«Бекітемін»

Мектеп директоры

Д.Жүнісова

«04» қыркүйек 2025 ж.

**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АСТРАХАН АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
ЖАҢАТҰРМЫС АУЫЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ**

Анықтамалар

Академиялық адалдық – білім беру бағдарламаларын меңгеру және оқу қызметін жүзеге асыру барысында, оның ішінде жазбаша жұмыстарды (бақылау, жиынтық бағалау, эссе, емтихан жұмыстары), өз көзқарасын білдіру, білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы қарым-қатынастар кезінде мінез-құлық нормаларын белгілейтін құндылықтар мен қағидаттар жиынтығы.

Білім беру үдерісінің қатысушылары – білім алушылар, педагогикалық құрам, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші персонал.

Білім алушы – білім алып жатқан тұлға.

Педагог – оқу орнында білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды өзінің мамандығына және ғылыми біліктілігіне, еңбек шартына сәйкес даярлайтын педагогикалық қызметкер.

Қызметкерлер – білім беру үдерісіне қатысатын әкімшілік-басқару және оқу-көмекші персонал.

Жалпы бақылау – білім беру үдерісінде, ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау мен мемлекеттік қорытынды аттестаттау кезінде қолданылатын мониторинг рәсімдері.

Құжаттық бақылау – жалған мәліметтердің алдын алу мақсатында құжаттарды зерделеу және талдау негізінде жүргізілетін бақылау түрі.

Бағаланатын жұмыс – білім алушының белгілі бір оқу кезеңінде оқу жетістіктерін анықтау мақсатында ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау шеңберінде орындайтын жұмысы немесе тапсырмасы (жазбаша жұмыс, бақылау жұмысы, зертханалық жұмыс, практикалық жұмыс, өзіндік жұмыс, зерттеу жұмысы, тесттер, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау, жоба және т.б.).

1. Жалпы ережелер

- Осы Академиялық адалдық кодексі (бұдан әрі – Кодекс) академиялық адалдықтың негізгі ұғымдары мен қағидаттарын, оларды қолдану мақсаттары мен міндеттерін айқындайды, академиялық адалдықты сақтау бойынша білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін белгілейді, академиялық адалдықты бұзу түрлерін және олар орын алған жағдайда шара қолдану тәртібін айқындайды.
- Академиялық адалдық кодексін қабылдау білім алушылардың сапалы білім алу міндеттерін іске асыруға ықпал етеді.
- Академиялық адалдық кодексі білім беру үдерісінің барлық қатысушылары – білім алушылар, педагогикалық құрам, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші персонал үшін бірыңғай болып табылады.
- Кодекс Қазақстан Республикасында білім беру қызметін реттейтін нормативтік актілер өзгерген жағдайда қайта қаралуы мүмкін.

Ұйым жарғысы мен даму стратегиясын, білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптарды қайта қарау

2. Академиялық адалдықтың мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

2.1 Кодекстің мақсаты

Осы Кодекстің мақсаты – академиялық адалдық тәртібін белгілеу, білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына (білім алушыларға, педагогтерге, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші персоналға) академиялық адалдық кодексін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру және қалыптастыру.

2.2 Академиялық адалдық саласындағы міндеттер

Білім алушылардың білім сапасын арттыруға ықпал ету.

Білім алушылардың, педагогикалық құрамның (бұдан әрі – ПҚ) және қызметкерлердің академиялық адалдықты қамтамасыз етуіне жағдай жасау.

Мәселелі жағдайлар мен сұрақтарды реттеу арқылы академиялық адалдықты бұзу жағдайларының алдын алу.

2.3 Академиялық адалдық қағидаттары

1) **Адалдық** – білім беру үдерісінің субъектілері өз міндеттерін мұқият орындауы.

2) **Авторлық құқық пен мұрагерлік құқықты қорғау** – авторлықты мойындау және авторлық құқық объектісі болып табылатын еңбектерді қорғау, бағаланатын жұмыстарда басқа біреудің сөзін, ойын дұрыс жеткізу және ақпарат көздерін көрсету.

3) **Ашықтық** – айқындық, өзара сенім, білім беру үдерісінің барлық қатысушылары арасында ақпарат пен идеялармен алмасу.

4) **Теңдік** – білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарын өзара құрметтеу, осы Кодексті барлық қатысушылардың сақтауын және оны бұзғаны үшін бірдей жауапкершілікті қамтамасыз ету.

3. Академиялық адалдықты бұзу түрлері

1) **Плагиат** – басқа автордың (адамның, ұжымның, ұйымның, қауымдастықтың немесе аноним автордың да) жұмысын өз атымен, яғни авторлығын көрсетпей ұсыну. Деректерді, ақпаратты немесе ақпарат көздеріне сілтемелерді қолдан жасап бұрмалау (фальсификация).

2) **Жалған мәлімет беру** – педагогке жалған ақпарат ұсыну (мысалы, жұмысты кеш тапсыру үшін жалған сылтаулар айту).

3) **Көшіріп жазу (шпаргалка қолдану)** – жазбаша жұмысты орындау кезінде педагог немесе емтихан алушыға білдіртпей көмек алу әрекеттері, оның ішінде шпаргалка, электрондық құралдар, басқа да әдістерді, ауызша көмек қолдану. Басқа адамның орнына жұмыс орындау және оны өз атынан тапсыру.

4) **көшіру** – бұл оқушының жазбаша жұмысты орындау кезінде мұғалім немесе емтихан алушы байқамайтындай көмек алуға тырысуы, оған шпаргалкаларды, электрондық және басқа да құралдарды қолдану, ауызша көмек көрсету кіреді;

5) **оқушының орнына басқа адамның жұмысты орындауы және кейін сол жұмысты оқушының өзі орындағандай етіп тапсыруы;**

- 6) ұжымдық тапсырмаларды орындау кезінде бірлескен жұмысқа әдейі қатыспау;
- 7) сыбайлас жемқорлық әрекеттер, пара беру – дұрыс жауаптарды, бағаларды ақшаға сатып алу;
- 8) саботаж – басқа адамдардың жұмыс істеуіне кедергі келтіруге тырысу. Бұған кітапханалық кітаптардың беттерін жырту, басқа студенттердің эксперименттік (зертханалық) жұмыстарына әдейі зиян келтіру жатады;
- 9) педагогикалық тәртіп бұзушылықтар: академиялық алаяқтық немесе оқушылардың жұмыстарын әдейі бұрмалап бағалау.

4. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

4.1 Оқушылардың құқықтары:

- 1) осы Кодекспен танысуға;
- 2) оқу процесінде өз пікірін еркін білдіруге, ғылыми және оқу ақпаратын, идеяларды еркін алуға және таратуға. Бұл бостандықтарды жүзеге асыру этикалық нормаларды, сондай-ақ заңмен белгіленген, ұлттық қауіпсіздікті, аумақтық тұтастықты немесе қоғамдық тәртіпті қорғау, басқа адамдардың беделі мен құқықтарын қорғау мақсатында қажетті шектеулерді сақтаумен қатар жүруі тиіс;
- 3) Академиялық адалдық кодексін бұзды деген негізсіз айыптаудан заңды тәсілдер арқылы қорғануға.

4.2 Оқушылардың міндеттері:

- оқу тапсырмаларын және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау кезінде академиялық адалдықты бұлжытпай сақтау;
- сенімді және шынайы ақпарат көздерін пайдалану;
- жазбаша жұмыстарды мемлекеттік стандарттарға (МЖМБС) сәйкес, өз идеялары негізінде және басқа авторлардың идеялары мен авторлығын көрсете отырып орындау;
- барлық бағаланатын жұмыстарды өз бетінше орындау;
- ішкі тәртіп ережелерін сақтау;

4.3 Білім беру ұйымының педагогикалық қызметкерлері құқылы:

- білім беру процесіне қатысушылардан академиялық адалдықтың негізгі қағидаларын сақтауды талап етуге;
- оқу процесінде өз пікірін еркін білдіруге, ғылыми ақпарат пен идеяларды еркін алуға және таратуға. Бұл бостандықтарды жүзеге асыру этикалық нормаларды, сондай-ақ заңмен белгіленген, ұлттық қауіпсіздікті, аумақтық тұтастықты немесе қоғамдық тәртіпті қорғауға қажетті шектеулерді сақтау арқылы жүзеге асырылады, басқа адамдардың беделі мен құқықтарын қорғау және т.б. оқушылардың оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының академиялық адалдық қағидаттарына сәйкестігін сараптаудан өткізуге.

4.4 Педагогикалық қызметкер (ПҚ) міндетті:

- академиялық адалдық қағидаттарын ұстануға;
- оқушыларға сенімді және дәлелді ақпарат көздерін таңдауға үйретуге және қолдау көрсетуге;
- сілтемелер, ескертпелер, пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу тәсілдерін үйретуге;
- академиялық бақылауды білім беру ұйымы мен пәннің оқу-әдістемелік кешені белгілеген бағалау критерийлеріне сәйкес қатаң түрде жүзеге асыруға;
- ішкі тәртіп ережелерін сақтауға.

4.5 Оқу-көмекші персоналдың құқықтары:

- 1) ағымдағы тапсырмалар мен оларды сапалы орындауға қажетті мерзімдер туралы нақты ақпарат алуға.

4.6 Оқу-көмекші персоналдың міндеттері:

- 1) Академиялық адалдық кодексін сақтауға;
- 2) Академиялық адалдық кодексінің ережелеріне енгізілген өзгерістер мен 3) бұзушылықтар туралы білім беру процесіне қатысушыларды уақытылы хабардар етуге;
- 4) Ағымдағы, межелік, аралық, қорытынды бақылау нәтижелері және оқу процесінің басқа да құжаттары бойынша номенклатуралық құжаттаманы рәсімдеуді қамтамасыз етуге.

4.7 Әкімшілік-басқару персоналының құқықтары:

- 1) өз өкілеттіктері шеңберінде академиялық адалдық қағидаттарын қамтамасыз етуге бағытталған құрылымдық бөлімшелердің қызметін реттейтін және білім беру процесіне қатысушылардың барлығы үшін міндетті актілерді шығаруға;
- 2) білім беру ұйымының кез келген құрылымдық бөлімшесінің жұмысына қатысуға және өзінің құзыретіне жататын мәселелерді талқылауға және шешуге;
- 3) академиялық адалдық қағидаттарын жетілдіру бойынша ұсыныстарды білім беру ұйымының алқалы органдарына ұсынуға.

4.8 Әкімшілік-басқару персоналы міндетті:

- 1) Академиялық адалдық кодексін ұстануға;
- 2) Кодекстің нормаларын бұзу кезінде осы Кодексте көзделген шараларды қабылдауды үйлестіруге;
- 3) Білім беру процесіне қатысушылардың академиялық адалдықты сақтауын бақылауды және мониторинг жүргізуді жүзеге асыруға;
- 4) Барлық қызметкерлерге, оқушыларға құрметпен қарауды қамтамасыз етуге;
- 5) Академиялық адалдықты бұзу фактілерін анықтау барысында туындайтын даулы жағдайларды осы Кодекске, білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелеріне және қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешуге;
- 6) Академиялық адалдық кодексін бұзуға әкеп соғатын кез келген жағдайлардың алдын алуға және Кодекстің бұлжытпай орындалуын қамтамасыз етуге, соның ішінде білім беру ұйымы бекіткен лауазымдық

нұсқаулықтарға сәйкес әрекет етуге;
7) Академиялық адалдық қағидаттарының әрбір бұзылу фактісін мұқият есепке алуға;
8) Кодекс нормаларын және ішкі тәртіп ережелерін сақтауға.

5. Процедуралар

5.1 Осы Кодексті бұзу жағдайында білім беру процесіне қатысушыларға (оқушыларға, педагогикалық құрамға, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші персоналға) құқықбұзушылық сипаты және тәртіптік жаза шаралары туралы хабарлама жіберіледі;

5.2 Егер білім беру процесіне қатысушылар академиялық адалдық кодексін бұзу немесе тәртіптік жаза шарасымен келіспеген жағдайда, олар апелляция өткізуге құқылы. Апелляция өтініш түрінде ресімделіп, академиялық адалдық кодексінің бұзылу фактісі тіркелген сәттен бастап бір тәуліктің ішінде тіркелуі тиіс.

Әкімшілік апелляцияға ұсынылған материалдарды объективті қарастыруға жауапты.

- Плагиятты болдырмау мақсатында оқушылардың барлық жазбаша жұмыстары түпнұсқалық деңгейін анықтау үшін тексерістен өтеді. **Тексеру тәртібі мен рәсімін білім беру ұйымы анықтайды.**

6. Жауапкершілік

6.1 Академиялық адалдықты бұзу мәселелерін кез келген ұжым мүшесі – оқушы немесе әділдік пен сапалы білім мен ғылыми зерттеулер құндылықтарын басты басымдық деп санайтын педагог көтере алады.

6.2 Академиялық адалдықты бұзу бойынша көтерілген кез келген мәселе әкімшілік тарапынан қаралуы тиіс.

Әкімшілік мәселені жан-жақты зерттеп, академиялық адалдық қағидаттарын бұзудың барлық фактілеріне әділ баға беруге қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

6.3 Оқушылар мен қызметкерлер оқу орнына қабылданған кезде немесе жұмысқа орналасу кезінде осы Кодекспен жазбаша түрде танысуы тиіс. Кодекс нормаларын білмеу оларды сақтамағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

6.4 Осы Кодекс нормаларын бұзған қызметкерлерге қатысты ішкі еңбек тәртібі ережелеріне және еңбек шартына сәйкес тәртіптік сипаттағы шаралар қолданылады.

6.5 Осы Кодекс нормаларын бұзған оқушыларға қатысты осы Кодекстің ережелері мен оқу шартына сәйкес шаралар қабылданады.

6.6 Әкімшілік оқушылар мен қызметкерлерге академиялық адалдық нормаларын бұзудың алдын алу және жол бермеу үшін, оның ішінде кеңес беру арқылы қолайлы жағдай жасайды.

6.7 Жауапкершілік түрлері және тәртіптік жаза қолдану тәртібі қызметкерге қолданылатын жауапкершілік түрлері мен оларды қолдану тәртібі білім беру ұйымының ішкі еңбек тәртібі ережелерімен реттеледі.

Оқушыға қолданылатын жауапкершілік түрлері:
ауызша ескерту;

жұмысты және/немесе қойылған бағаны жою (аннуляциялау);

бағаланатын жұмыстарды, соның ішінде диссертациялық жобаларды қорғауға жібермеу;

жасалған тәртіп бұзушылық бойынша жария түрде айыптау (қоғамдық сөгіс);

білім беру ұйымынан шығару (оқудан шығару).

Әрбір жағдай бойынша қарау материалдары **хаттамамен ресімделіп**, оқушының немесе қызметкердің **жеке ісінде сақталуы** тиіс.

7. Қорытынды ережелер

Осы Кодекс **бекітілген сәттен бастап күшіне енеді** және **жаңа Кодекс қабылданғанға дейін** қолданыста болады.